

Хаттама №6

«Тасарық» елді мекеніндегі №238 орта мектебінде 2023 жылдың 21 сәуірі күні жоспарға сәйкес кезекті директор жанындағы кеңес өтті.

Қатысуға тиіс-40

Қатысқаны-32

Дәлелді себептермен қатыспағаны-8

Күн тәртібінде:

1. 9 және 11 сынып оқушыларының қорытынды аттестаттаудағы емтихан мен дайындық кестелерін бекіту туралы. /Б.Аханова/
2. Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыруда «2022-2023 оқу жылында «Жазғы мектеп» бойынша атқарылатын жұмыстар туралы. /Б.Аханова/
3. Мектепте «Соңғы қоңырау» салтанатын өткізу туралы. /С. Кәрібай/

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі аталған мәселелер бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова сөз алып, 9 және 11-сынып оқушыларының қорытынды аттестаттаудағы емтихан мен дайындық кестелерін бекіту туралы баяндады.

Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілген:

9(10) сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:
2-13 маусым аралығында 4 пәннен емтихан тапсырмады.

Қазақ тілі, Математика, Орыс тілі мен әдебиеті, таңдау пәні (Қазақстан тарихы)

11-сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

- 1) Қазақ тілі бойынша жазбаша емтихан - 2023 ж. 5 маусым
 - 2) Алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан – 2023ж. 8 маусым
 - 3) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан - 2023 ж. 12 маусым ;
 - 4) Орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2023 ж.
 - 5) Таңдау пәні (биология) бойынша жазбаша емтихан - 2023 ж. 19 маусым
- Білім алушыларды қайта қорытынды аттестаттау санитарлық талаптарды сақтай отырып, өткізіледі.

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыруда «2022-2023 оқу жылында «Жазғы мектеп» бойынша атқарылатын жұмыстар туралы баяндады. Жазғы мектептің сабақ кестесі мен жұмыс жоспарын бекітеді және жалпы жауапкершілікте болады. Олқылықтардың орнын толтыру мақсатында «Жазғы мектеп» Орта білім беру ұйымы ауысымдар бойынша білім алушылардың санын, оқу пәндері мен жеке консультацияларды дербес айқындайды. Сабақтардың кестесі педагогтердің оқу жылы ішінде анықтаған оқу жетістіктерін талдау және білім алушылардың пәндік білім деңгейлерін диагностикалау нәтижесінде негізінде меңгеруге күрделі деген тақырыптарды, бөлімдерді оқу мақсаттарын зерделеп, тақырыптық жоспар әзірлейді. Топтардағы толымдылық 25 оқушыдан артық болмауы тиіс.

Сабақтың ұзақтығы 40 минут, бір күнде 3-4 сабақ өтеді. Оқушылардың оқу жетістіктеріне бағалау жүргізілмейді. Үйге тапсырма берілмейді. Барлық тапсырманы мектепте орындау керек. Жазғы мектепте негізгі пәндер бойынша дәріс беріледі.

Ұсыныс: 9 және 11-сынып оқушыларының қорытынды аттестаттаудағы емтихан мен дайындық кестелері бекітіліп, білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша жұмысты ұйымдастыруда «2022-2023 оқу жылында «Жазғы мектеп» бойынша атқарылатын жұмыстарды талапқа сай ұйымдастыру мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Ахановаға міндеттелсе.

Үшінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С. Кәрібай мектепте «Соңғы қоңырау» салтанатын өткізу туралы баяндап, салтанатты шараның барысы туралы сақталуға тиісті талаптарды айтып, түсіндірді.

«Соңғы қоңырау» қарсаңында осы іс-шараларды балалар мен ата-аналар көп жиналмайтын ашық аулада, барлық санитариялық-эпидемияға қарсы шараларды сақтай отырып өткізуді, мына шараларды қатаң сақтауды қамтамасыз етуді тапсырады:

1. Соңғы қоңырау мектеп ауласында өткізіледі.

2. Санитариялық қағидалар талаптарының сақталуын және санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды жүргізу қамтамасыз етіледі.

Ұсыныс: Мектепте «Соңғы қоңырау» салтанатын өткізу кезінде санитарлық қағидалар талаптары сақталып және санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды жүргізу қамтамасыз етілсе.

Шығып сөйлеушілер:

1. **Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ә. Ұзақбай:** Оқушылардың ҰБТ-ға дайындығы тоқтаусыз, жыл бойы жүргізіліп отырды. Оқушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыруда теңдесі жоқ мүкіндік деп білемін. Әріптестер де бұл орайда барынша еңбектенуді жалғастырады. «Соңғы қоңырау» мерекесі жыл бойы атқарылған істердің қорытындысы іспеттес. Үздік оқушылар марапатталып, қаншама ата-аналар да бірге қуанады, бітірушілерімізді салтанатымен шығарып саламыз. Осы абыройлы міндетті ұжым болып атқарамыз.
2. **Математика пәні мұғалімі-М.Сердалиева:** Бітіруші түлектерге, жыл бойы атқарылған істерге қорытынды тәрізді ұйымдастырылатын «Соңғы қоңырау» салтанатын барынша сәнді, қарапайым, талапқа сай етіп ұйымдастыруға тырысамын. Биылғы 11-сыныпқа мен жетекшілік етемін. түлектеріміз белсенді, үлгілі оқушылар. Жыл қорытындысымен үздік оқушыларымыз да марапатталады. ҰБТ-ға дайындық жұмыстары жыл бойы үздіксіз ұйымдастырылып, жүргізілді. Алдағы уақытта нәтижесі де жақсы болады деген ойдамын.
3. **Бастауыш сынып пәнінің мұғалімі-Г. Есет:** Оқушыларымыздың ҰБТ-ға дайындығы талапқа сай екеніне сенімдімін. Ұстаздар жыл бойы жұмыс жасап, дайындық жүргізіп келеді. Мектепте ұйымдастырылып жататын апталықтар, іс-шаралардың барлығы да осы оқушыларымыздың білімдерін ұштап, дүниетанымдарын тереңдетуде, мінез-құлықтарының қалыптасуына ықпалын тигізді деген ойдамын. Ендігі осы жасалынған үздіксіз жұмыстардың нәтижесі шығатын күн де алыс емес. Міне, үздіктеріміз анықталып, марапатталып, бітірушілеріміз ҰБТ-ға қатысады. Алдағы атқарылар істерге де абырой тілеймін.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. 9 және 11-сынып оқушыларының қорытынды аттестаттаудағы емтихан мен дайындық кестелері бекітіліп, білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша жұмысты ұйымдастыруда «2022-2023 оқу жылында «Жазғы мектеп» бойынша атқарылатын жұмыстарды талапқа сай ұйымдастыру мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Ахановаға міндеттелсін.
2. Мектепте «Соңғы қоңырау» салтанатын өткізу кезінде санитарлық қағидалар талаптары сақталып және санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды жүргізуді қамтамасыз ету мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Кәрібайға жүктелсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:



Хатшы:

Ә. Кеулімжай
А. Жарболова

Ә. Кеулімжай

А. Жарболова